

**Бесқоспа селолық округі әкімінің 2008 жылғы 24 қарашадағы № 34 "Бесқоспа селолық округіне қарасты елді мекендерге көше атауын беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Алға ауданы Бесқоспа ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 1 маусымдағы № 12 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 маусымда № 5521 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына сәйкес, Алға ауданының Бесқоспа ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бесқоспа селолық округі әкімінің қазақ тіліндегі 2008 жылғы 24 қарашадағы № 34 "Бесқоспа селолық округіне қарасты елді мекендерге көше атауын беру туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-3-64 болып тіркелген, 2009 жылғы 31 наурыздағы аудандық "Жұлдыз-Звезда" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің деректемелерінде, атауында және бүкіл мәтіні бойынша " селолық" сөздері "ауылдық" сөздерімен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің кіріспесі келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына сәйкес, Алға ауданының Бесқоспа ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бесқоспа ауылдық округінің әкімі*

*Наурызов Т.К.*